

2020 ж. 28 мамырға белгіленген акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей "Рахат" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Рахат" АҚ) акционерлерінің жылдық жиналысының сырттай дауыс беру үшін акционерлерге қарауға арналған материалдар

Күн тәртібінің №1 мәселесі: «Жиналыстың күн тәртібін бекіту туралы»

"Рахат" АҚ бекітуге берілетін күн тәртібі 2020ж. 10 сәуірде "Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, "Рахат" АҚ www.rakhat.kz корпоративтік сайтында, "EGEMEN QAZAQSTAN" және 2020ж. 13 сәуірдегі №70 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланды.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1** Жиналыстың күн тәртібін бекіту туралы.
- 2** Қоғамның жылдық жалпы жиналысының есеп комиссиясының құрамы туралы.
- 3** 2019 жылға арналған "Рахат" АҚ-тың аудит тексерісінен өткен топтастырылған қаржылық есебін бекіту туралы.
- 4** "Рахат" АҚ 2019 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және "Рахат" АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
- 5** "Рахат" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Манг Ко Ноның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
- 6** "Рахат" АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы.
- 7** "Рахат" АҚ мен оның қызметтік тұлғаларының әрекеттері бойынша акционерлердің өтініштері және оларды 2019 жылы қарау қорытындылары туралы.

Күн тәртібінің №2 мәселесі: "Қоғамның жылдық жалпы жиналысының есеп комиссиясының құрамы туралы"

Есеп комиссиясының қолданыстағы құрамы 2017 жылғы 12 сәуірде "Рахат" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі (№33 хаттама) бойынша мына қызметкерлерден құралған :

- Есеп комиссиясының төрайымы:** - Дана Тузельбаевна Садыкова
Есеп комиссиясының мүшелері: - Алтынай Халыковна Омарова
- Далиман Серикбаевна Кисикова
 - Зарина Ширяздановна Палганова
 - Әйгерім Жумаханқызы Отанова

Дана Тузельбаевна Садыкованың жұмыстан кетуіне және Әйгерім Жумаханқызы Отанованың бала күтімі бойынша демалысқа шығуына, сондай-ақ Зарина Ширяздановна Палганова Алматы қаласында карантин режимі болуына орай (З.Ш.Палганова қала сыртында тұрады) қабылдауға қатыса алмауына байланысты қолданыстағы есеп комиссиясы өкілеттіктерінің тоқтатылуы ұсынылып, мына құрамда жаңа есеп комиссиясы сайлансын:

- Есеп комиссиясының төрайымы:** - Светлана Геннадьевна Рябченко
Есеп комиссиясының мүшелері: - Алтынай Халыковна Омарова
- Далиман Серикбаевна Кисикова
 - Жанат Ултанұлы Булегенов
 - Анастасия Константиновна Калтурумиди

Күн тәртібінің №3 мәселесі: «2019 жылға арналған "Рахат" АҚ-тың аудит тексерісінен өткен топтастырылған қаржылық есебін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 35 және 36- баптарына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі.

Тәуелсіз аудиторлық компания - "Эрнст энд Янг" ЖШС жүргізген 2019ж. бойынша жылдық қаржылық есебі "Рахат" АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша 2020 жылғы 13 наурыздағы №2 хаттамаға сәйкес алдын ала бекітілді.

Тәуелсіз аудиторлардың 2019ж. қорытындысы бойынша берген есебімен қоса "Рахат" АҚ-тың жылдық қаржылық есебі туралы "Рахат" АҚ-тың корпоративтік сайтындағы <http://www.rakhat.kz/kz/novosti> сілтемесі арқылы және "Рахат" АҚ Басқармасы орналасқан мекенжайдан (Алматы қ., Зенков к-сі, 2а) білуге болады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, "Рахат" АҚ акционерлерінен тәуелсіз аудитордың есебін ескере отырып, "Рахат" АҚ-тың 2019ж. бойынша жылдық қаржылық есептілігін бекітуді өтінеміз.

Күн тәртібінің №4 мәселесі: "Рахат" АҚ 2019 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және "Рахат" АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның есептік жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері анықталады.

"Рахат" АҚ-тың аудит тексерісінен өткен топтастырылған қаржылық есебіне сәйкес 2019 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс 7,9 млрд.теңге көлемінде болды, бұл өткен жылдың деңгейінен 9% - ға жоғары (2018 жылдың қорытындысы бойынша 7,3 млрд. теңге болған). Негізгі қаржылық көрсеткіштер компанияның қаржылық жағдайының тұрақтылығын және бизнесті жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілгенін растайды.

"Рахат" АҚ кондитерлік өнімдер нарығындағы позициясын нығайтуға мүмкіндік беретін, ішкі нарықпен қоса сыртқы нарықта да сату көлемін арттыру, сатуды ұлғайту арқылы өткізу нарығын жетілдіру үшін өндірісті кеңейту және жаңғырту стратегиясын ұстанады. Есеп беру жылындағы қол жеткен табыс көрсеткіштерін ескере отырып, "Рахат" АҚ-тың Директорлар кеңесі:

1. "Рахат" АҚ 2019 жылғы таза табысын мына тәртіп бойынша бөлуді ұсынады:

- 2.368.800.000 (екі миллиард үш жүз алпыс сегіз миллион сегіз жүз мың) теңге 00 тиын көлеміндегі таза табыстың бір бөлігі "Рахат" АҚ жай акциялары бойынша дивиденд төлеуге жұмсалсын;

- дивиденд мөлшері 1 (бір) жай акцияға шаққанда 658 теңге (алты жүз елу сегіз) теңге 00 тиын мөлшерінде белгіленсін;

- дивиденд төленгеннен кейін, "Рахат" АҚ қалған таза табысы бөлінбесін және ол Қоғамның бөлінбейтін табысы шотында қалдырылсын.

2. Дивиденд төлеудің мына тәртібі мен нысаны белгіленсін:

- дивиденд төлеу басталатын күн - 2020 ж. 15 маусым;

- дивиденд төлеу мерзімі белгіленбесін;

- дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн - 2020ж. 28 мамыр;

- дивиденд Қоғамның мекенжайы бойынша қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз төленеді;

-дивиденд төлеуге төлем агенті қатыспайды.

Күн тәртібінің № 5 мәселесі: "Рахат" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Манг Ко Ноның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Қазіргі кезде "Рахат" АҚ Директорлар кеңесі мына құраммен жұмыс істейді:

1. Но Манг Ко (Noh Mang Ko)
2. Константин Викторович Федоренко
3. Пэк Кванг Хён (Baek Kwang Hyeon)
4. Сергей Александрович Терещенко (тәуелсіз директор)
5. Бэ Джонг Хан (Baе Junghan) тәуелсіз директор

"Рахат" АҚ-ға Директорлар кеңесінің мүшесі Но Манг Ко (Noh Mang Ko) мырзадан оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарлама келіп түсті. "Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңының 55-бабының 3-тармағына және 36-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша **"Рахат АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Манг Ко Ноның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы"** мәселені акционерлердің талқысына салады және оның өкілеттігін шешім қабылданған күннен бастап мерзімінен бұрын тоқтатуды ұсынады.

Күн тәртібінің № 6 мәселесі: "Рахат" АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы.

"Акционерлік қоғамдар туралы" 2003ж. 13 мамырдағы № 415-ІІ ҚР Заңында, Қоғам жарғысында (2016ж. 29 наурызда акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген № 32 хаттама) және "Рахат" АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде (2006 ж. 14 желтоқсандағы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген № 20 хаттама) көрсетілген талаптар негізінде үміткерлер (кандидаттар) туралы мынадай ақпарат беріледі:

"Рахат" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер (кандидат) туралы ақпарат:

1. Аты-жөні: Чой Менрим (CHOI MYEONGRIM)

2. Туған күні: 1964 ж, 19 қыркүйек.

3. Білімі туралы мәліметтер:

Жоғары мектеп: Дунмён;

Жоғары білімі: «Кюнгнам» университеті, өнеркәсіптік менеджменті мамандығы.

4. Үміткерді (кандидатты) ұсынушы: LOTTE CONFECTIONERY CO., LTD.

5. Үміткерге (кандидатқа) тиесілі қоғам акциялары: жоқ.

6. Қоғамның аффилирленген тұлғасы ретіндегі мәлімет: аффилирленбеген.

7. Соңғы жылдардағы жұмыс орындары және атқаратын қызметтері туралы мәліметтер:

- 1992ж. тамыздан 2012ж. ақпанға дейін «LOTTE CONFECTIONERY CO. LTD» компаниясында мына қызметтер бойынша: аймақтарды басқарушы (снек), қазіргі заманғы сауда кәсіпорындары бөлімінің бастығы (снек), сату бөлімінің менеджері (снек), сату бөлімінің бастығы (снек) қызметтерін атқарған.
- 2012 ж. ақпаннан 2020 ж. қаңтарға дейін - "Лотте КФ Рус" ЖШҚ бас директоры;
- 2020 ж. қаңтардан қазіргі уақытқа дейін - «LOTTE CONFECTIONERY CO, LTD» компаниясының жаһандық бизнес басқармасының басшысы.

8. Үміткердің (кандидаттың) психикалық жағдайы туралы медициналық мекеме берген анықтама: есепте тұрмайды.

9. Сотталмағаны туралы уәкілетті орган берген анықтама: сотталмаған.

10. Үміткердің (кандидаттың) Қоғаммен бәсекелес және оның қызметіне ұқсас қызмет түрімен айналысатын басқа кәсіпорында жұмыс істемейтіні туралы өтініші: Қоғаммен бәсекелес, қызметі ұқсас кәсіпорындарда жұмыс істемеген.

11. Кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат: біліктілік деңгейі жоғары; өнеркәсіп, сату, өндірісті ұйымдастыру және менеджмент салаларын үздік білетін, өте білімді маман.

Күн тәртібінің №7 мәселесі: "Рахат" АҚ мен оның қызметтік тұлғаларының әрекеттері бойынша акционерлердің өтініштері және оларды 2019 жылы қарау қорытындылары туралы.

"Рахат" АҚ акционерлерінен 2019 жылы 110 сұрау түсті.

Акционерлердің сұрауларына қатысты мәселелер:

- Қоғам қызметі туралы ақпарат алу;
- Есептелген және төленген дивидендтер туралы ақпарат алу;
- "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ тізіліміндегі мәліметтерді өзектендіру үшін бастапқы деректерді растау;

Акционерлердің барлық өтініштері қаралып, оларға заңнамада белгіленген мерзімде және сонда көрсетілген тәртіппен жауап берілді, соған орай "Рахат" АҚ акционерлерінің "Рахат" АҚ мен оның қызметтік тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты өтініштері және оларды 2019 жылы қарау қорытындылары туралы ақпарат негізге алынуы тиіс.